Автор: Базарбайұлы Ернұр
Пән: Көркем еңбек
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Визуалды өнер
Тақырып: Натюрморт өнері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.5.2 – Шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар орындау.
Сабақтың мақсаты:	-Шығармашылығын ұштау үшін нобайлар салуды үйрету.
Бағалау критерийлері:	Білім алушы: - Нобай сала алады. - Түрлі техникаларда натюрморт құра біледі. - Қарапайым натюрморт сала алады.
Пәнаралық байланыс:	Тарих,қазақ тілі,орыс тілі,ағылшын

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	I. Ұйымдастыру кезеңі - Сыныппен амандасу. Сыныптағы оқушыларды түгендеу. Топқа бөлу. «Кір жаятын жіп» әдісі арқылы. I топ. Жеміс-жидектер суреті. (Алма,алмұрт,жүзім) II топ. Геометриялық фигуралар. (Үшбұрыш.призма,конус,шар) Жаңа сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру. Жаңа сабақ бойынша қысқаша мәлімет беру.	
Сабақтың ортасы	Бейне жазба. Bilim land - imektep.kz –көркем еңбек-бейнелеу өнерінің жанрлары-натюрморт. Бейне жазба мазмұны бойынша оқушылармен ой бөлісу. Қолдану . Постер жасату. Жалпыға арналған тапсырма. Топтық жұмыс. I топ. Әлем суретшілерінің туындыларын талдау. II топ.Қазақстан суретшілерінің туындыларын талдау. Оқушылар жаңа тақырыпқа сай туындыларды қарай отырып,талдау жасайды..Топ болып қорғайды. - Бұл жұмыстар қандай жанрда орындалған. - Натюрморттағы ұлттық мән мәтінді қандай элементтер бойынша анықтауға болады. - Натюрморттың нақты бір мәдениетке қатысын ұлттық элемент арқылы анықтау. Тәжірибелік жұмыс.Жеке жұмыс. Бірнеше геометриялық фигурадан композиция құрастыру. Таңдалған композицияны нобай түрінде көрсету. -Заттардың композициялық орналасуын анықтау; -Сызықтық құрылымын табу; -Заттардың құрылысын анықтау; -Түс үйлесімдігін табу.	
Сабақтың соңы	Таныстырылым: - Әр оқушы өз жұмыстарын таныстырады; - Бір-бірден сұрақ дайындайды. Бағалау. - Бір-бірінің жұмыстарын таныстырылым барысында сұрақтар қою арқылы бағалайды.	